

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:  
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:  
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378  
ББК 74.58  
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

**Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.**

**ISBN 978–601–337–389–8**

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378  
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020  
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

УДК 371.261

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Қожаева Сәнім Қожайқызы**

Sanimkozhaeva61@mail.ru

магистр педагогика-психология. Қорғанбек Т.Қ

магистр педагогика-психология. Құрманбаев М.Р.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуда студенттердің шығармашылығын яғни танымдық іс-әрекетін ынталандыруға септігін тигізетін оқу үдерісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын анықтау өзекті мәселе болып отыр.

Ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың негізгі мақсаты: біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны қолдану, әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру. Бұл мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында:» Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген [1, 2]. Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады. Бұл білім беру жүйесін инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие процесінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Қазіргі кезде дәрістерді ақпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту өте тиімді нәтиже беріп келеді. Соның ішінде қашықтықтан оқыту барысында бүгінгі елімізде болып жатырған коронавирус кезінде көптеген қиыншылықтарға кездестік. Мысалы: студенттердің өзіндік жұмыстар орындатуда үйрету бағдарламаларын қолдану арқылы виртуальды лабораториялық жұмыстарды жүргізу барысында жүйенің көтермеуі, байланыстың жоқтығы біраз кедергі келтірді.

Студенттердің өзіндік жұмыс арқылы танымдық іс-әрекетін қалыптастыру – оқу үдерісін ойдағыдай ұйымдастырудың негізгі шарты болып табылады. Яғни, оқу үдерісінің тиімділігін арттыру студенттердің оқу әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне сай дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдануды, оқытудың дамытушылық қызметін толық пайдаланып, танымдық іс-әрекетті дамытуды талап етеді.

Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуда оқытушылар мен білім алушылардың өзара субъективтік қатынасына негізделген танымдық іс-әрекет оңтайлы ұйымдастырылғанда оқытудың нәтижелілігі артады. Сондықтан студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру – жоғары оқу орнында оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды міндеті.

Психолог ғалымдар О.А.Нильсон [2, 8] мен Р.Г.Лембергтің [3, 8] пікірінше, танымдық іс-әрекетті қалыптастыруда студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың тәсілдерін төмендегідей топтарға бөледі:

– студенттердің жалпы танымдық қызметін ұйымдастыруға байланысты қолданылатын тәсілдері: жоспарлау, уақытты дұрыс пайдалану, оқу мен тынығу режимін ұйымдастыра білу, өз жұмысын бақылау, бағалау және түзету т.б.

– танымдық іс-әрекетке тікелей байланысты қолданылатын тәсілдердің тиімділігін сезіну.

Шведтік зерттеуші С.Холбергтің пікірінше қашықтықтан оқытуда ең бастысы студенттің оқу материалдарын өзіндік жұмыстар процесінде игеруі. Басқару, кеңес беру, оқыту, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, тексеру және білімді бағалау – бұлардың бәрі білім алушының өзіндік жұмысына көмек етуші оқыту процесінің құрастырушылары болып табылады.

А.Я. Савельевтің көзқарасы бойынша: «білім беру технологиясы – қойылған нысанға жетуге арналған, оқу бағдарламасымен қарастырылған құрылым жүйелерін, білім беру құралдарын пайдалана отырып, білім берудің мазмұндылығын игертуге арналған әдіс».

Е.Ы.Бидайбеков пәнді оқытуда компьютерлік технологияны қолдануда ақпараттық – рецептивтік, репродуктивті, эвристикалық әдістерді, модельдеу құралдарын пайдалануды ұсынады.

Кейбір ғалымдар қашықтықтан оқыту барысында педагогикалық процесті жалпы ұйымдастыру формаларына көп көңіл бөлуді ұсынады: фронталдық, топтық, микротоптық, даралық. Ал бақылау- бағалау компоненті әрекеттердің рефлексігімен байланысты және студенттердің өзін бағалау әрекеттерін дамытуды жүзеге асыруға бағытталады. Бұл студенттердің танымдық қызығушылықтарын дамытуға ынталандырады, шығармашылық танымдық-зерттеушілік жұмыстар кезінде өз мүмкіншілігін қалыптастыруға итермелейді. Демек, студенттің танымдық іс-әрекеттерді шеберлікпен орындауы өзіндік жұмыстарды орындау кезінде қалыптасады.

Жоғары оқу орындарында мамандық даярланатын факультетте ағымдық жобалау процесі жүзеге асырылу барысында оқыту мақсаттары анықталып, мазмұны құрастырылады. Оқу материалының студент қажеттілігімен, кәсіби құндылығымен байланыстырып берілуі, олардың оқуға деген танымдық қызығушылығын тудырып, оқыту процесінде студент пен оқытушының шығармашылық бағытта жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Студенттің пән туралы дұрыс көзқарасының қалыптасуында, осы пәннің болашақ мамандығы туралы берері не, бұл бағытта игеретін білім мен іскерлік-дағдылардың өмірлік қажеті қандай деген мәселелерді терең түсінуі үлкен мәнге ие. Себебі, білім мен өмірлік біліктерді игеру, оны пайдалана білу студенттің

болашақтағы іс-әрекетінде табысқа жетуіне мүмкіндіктер береді. Бұл ағымдық жұмыстарды орындауда танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыруға септігін тигізді.

Танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыруда ұйымдастыру жұмыстарына келсек, алдымен оқытушы студенттің білімі мен жаңадан игеруі тиіс білім, біліктілік және дағдыларын салыстыра отырып, студентте кездесетін қиындықтарды анықтайды, сосын мақсатқа сәйкес іс-әрекеттерді жоспарлау оқытушының жетекшілігімен іске асырылады. Мұнда болжанған және қол жеткізілетін оқыту мақсаттары салыстырылуы мен қатар студенттің жеке тұлғалық, кәсіптік дамуына психологиялық-педагогикалық көмек беру ұйымдастырылады. Бұл жағдай студент потенциалын барынша ашуға көмектеседі.

Студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің қашықтықтан оқыту жағдайында көрсеткіштерін танымдық іс-әрекеттің деңгейлеріне сәйкес:

*Төменгі деңгей.* Студент объектіні жалпы түрде біледі. Үлгі, алгоритм бойынша білімін қолданады яғни лабораториялық тапсырмаларды орындауда ғана. Қанағаттанарлық дәрежеде игерген.

*Орташа деңгей.* Объектіні таниды және сипаттай біледі. Типтік тапсырмаларды орындайды. Білім жүйесін практикада игеруге тырысады.

*Жоғары деңгей.* Объектіні тани біледі, сипаттай және анықтай біледі. Теориялық білімін практикада өте жоғары деңгейде қолдана алады.

*Қорыта айтқанда,* бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту жүйесіндегі кері байланысты орнатуға қатысты зерттеулер мен коронавирус кезінде кездескен жағдайларды ескере келе студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің қалыптасуының критерийлері ретінде мынаны бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

1. Студенттің білімді өз бетінше алуға дайындығының болуы және оны түрлі нақты жағдайда қолдана білуі яғни оқыту процесінде пәнге бағытталған парадигманың даралық-тұлғаға бағытталуында;

2. Тұтас педагогикалық процесте оқытушының басшылығымен мақсатқа бағытталған өзара әсері;

3. Студенттердің тірек білімдерінің болуы яғни оқу іс-әрекеттерін, тәсілдерін білуі, өзін-өзі бақылауға және жаңа іс-әрекетке бейімделу, оқу-танымдық тапсырмаларды орындауға, зерттеушілік мәселелерді талдау біліктілігі, проблемаларды шешудің ұжымдық нысандарын ұйымдастыру дағдыларын қажетсіну.

*Ұсыныс*

1. Қашықтықтан оқыту жүйесіндегі кері байланысты жүзеге асыруда унификациялау, кедергілерді анықтау үшін нақты мониторинг жүргізу қажет.

2. Пән материалдарын игертуге арналған электронды оқулықтар аздық етеді яғни сондықтан көбірек электронды кітапханаларды құру қажет.

3. Шетелдік және отандық университеттердің электрондық кітапхана қорына (доступ) яғни студенттерге және оқытушыларға қорды тегін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан газеті. 23 ноябрь. 2013 жыл.

2. Нильсон О.А. Методы самостоятельной работы. – М., 1974. –15

3. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность в обучении. – М.: Педагогика, 1980. – 210 с.
4. Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения в высших учебных заведениях. – М.: МИЭП, 2000. – 76 с.;